**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті Түркітану және тіл теориясы кафедрасының PhD докторанты Дүйсен Қуатбек Қонысбайұлының «6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Тарихи мәтіннің лингвокогнитивтік аспектісі («Қырымның қырық батыры» жыры материалы негізінде)» атты диссертациялық жұмысына**

**ПІКІР**

Дүйсен Қуатбек Қонысбайұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 2018 жылы «6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша мемлекеттік грант негізінде PhD-докторантураға оқуға түсіп, 2021 жылы оқуды аяқтады. Диссертация жұмысының тақырыбы - «Тарихи мәтіннің лингвокогнитивтік аспектісі («Қырымның қырық батыры» жыры материалы негізінде)».

Антропоцентристік парадигманың заманауи гуманитарлық ғылымдар үстемдікке ие болуы жаңа зерттеу бағыттарын ашуға мүмкіндік берді. Сондай бір жемісті бағыттардың біріне когнитивтік ғылымдар айналды. Когнитивтік ғылымдар өз бойында философия, психология, лингвистика, жасанды интеллект, антропология және нейро ғылымдардың қол жеткізген жетістіктерін біріктіре алды. Когнитивтік ғылымдар мен лингвистиканың тоғысуынан когнитивтік лингвистика туындаған. Когнитивтік ғылымдардың бастауларында Л. Виттенштейн, Э. Рош, Н. Хомский, Б. Малиновский, Р. Якобсон есімдері тұрды. Дегенмен когнитивтік лингвистиканы жеке сала ретінде бөліп шығарған Дж. Лакофф пен Р. Лангакер болды. Дж. Лакофф, Р.Лангакер тандемі 1987 жылы когнитивтік лингвистиканы ғылыми айналымға ресми енгізген. Осы аралықтан бастап когнитивтік лингвистиканың жолы басталған. Когнитивтік лингвистиканы диахронды бағытта алғаш болып Р. Крофт, А. Дуранти қарастыра бастағаны белгілі. Когнитивтік лингвистика бағытында қазақ тіліндегі зерттеулер Қ.Жаманбаеваданбастау алады.

Диахрониялық бағыттағы когнитивтік лингвистика заманауи лингвистиканың өзекті бағыттарының бірі. Бұл бағыттағы зерттеулер тіл құбылыстарына антропоөзектілік призмасы арқылы кең көзқараспен назар аударуды қарастырады. Өз кезегінде антропоөзектілік парадигма тіл құбылыстарына антропология, психология, тарих және өзге де сабақтас ғылымдардың тұжырымдарын ескере алуды көздейді. Бұл ретте Қуатбек Дүйсеннің диссертация жұмысына зерттеу материалы ретінде тарихи

шығарманы, соның ішінде ғылыми айналымға жиырма жыл бұрын енген «Қырымның қырық батыры» жырын таңдауы орынды шешім санаймын.

Қуатбек Дүйсеннің диссертация жұмысы тарихи мәтіндегі когнитивтік құрылымдарды зерттеуге бағытталған. Зерттеу материалы ретінде «Қырымның қырық батыры» жыры мәтінін алған. «Қырымның қырық батыры» жыры қазақ ауыз әдебиетіндегі ірі шығармалардың бірі. Жырдың толық мәтіні 2005 жылы жарияланған және аталған аралыққа дейін калың көпшілікке қолжетімсіз болып келген. Жыр Алтын Орда заманындағы тарихи оқиғаларды баяндайды. Жыр оқиғаларының тарихи негізі бар. Келтірген фактілер жыр мәтінін когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеу үшін өзекті материал етеді.

Қуатбек Дүйсеннің диссертациялық жұмысының құрылымы таңдаған зерттеу тақырыбында көтерген мәселелерді толық қамтыған. Диссератациялық жұмысқа қойған мақсаты мен міндеттері зерттеу мазмұнында көрініс берген. Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары заманауи когнитивтік лингвистика саласындағы актуалды мәселелермен үндес келеді. Зерттеу әдістері ғылыми тұрғыдан орынды және ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді.

Диссертацияда алынған жаңалықтар негізді әрі дәлелді, тұжырымдар мен қорытындылар ғылыми қағидаларға сәйкес жасалған. Жұмыстың құрылымы ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға сай: кіріспеден, үш тараудан, қорытынды бөлімнен, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Дүйсен Қуатбек Қонысбайұлының «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған («Қырымның қырық батыры» жыры материалы негізінде)» атты диссертациялық жұмысы қойылатын талаптарға толық жауап береді деп есептейміз.

**Ғылыми кеңесші:**
**Халықаралық білім беру**
**корпорациясының профессоры,**
**филология ғылымдарының докторы** Сүйерқұл Б.М.

Подпись ______
заверяю
HR департамент ______
«19» 03 20__